

Телерадио хабарларын тарату (техникалық құрылыштардың объектілері (радиотелевизиялық станциялар) саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2022 жылғы 6 желтоқсандағы № 538 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 9 желтоқсанда № 31055 болып тіркелді.

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 1-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Телерадио хабарларын тарату (техникалық құрылыштардың объектілері (радиотелевизиялық станциялар) саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму министри

Д. Қыдырәлі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық даму
министрі
2022 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 538 бұйрығымен
бекітілген

Телерадио хабарларын тарату (техникалық құрылыштар объектілері (радиотелевизиялық станциялар) саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын үйымдастыру жөніндегі нұсқаулық

1-тaraу. Жалпы ереже

1. Осы телерадио хабарларын тарату (техникалық құрылыштар объектілері (радиотелевизиялық станциялар) саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын үйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-2-бабының 1-тармағына, сондай-ақ "Террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын үйымдастыруға қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген террористік түрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын үйымдастыруға қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар).

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидаларына және Объектілерді террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызу өлшемшарттарының (бұдан әрі – Өлшемшарт) 3-тармағы 8) тармақшасына сәйкес телерадио хабарларын тарату объектілері (техникалық құрылыштар объектілері (радиотелевизиялық станциялар) террористік түрғыдан осал объектілерге жатқызылған.

Телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілер деп облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, елорданың әкімдіктері бекітетін облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, елорданың телерадио хабарларын тарату саласындағы қызметті жүзеге асыратын және заңнамада белгіленген тәртіппен террористік түрғыдан осал объектілердің тізбесіне енгізілген әкімшілік және техникалық мақсаттағы жекелеген үй-жайлар (техникалық құрылыштар объектілері (радиотелевизиялық станциялар), аппараттық-студиялық кешендер) (бұдан әрі – телерадио хабарларын тарату объектілері) түсініледі.

3. Осы Нұсқаулық телерадио хабарларын тарату объектілеріне қолданылады және телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуі қамтамасыз ететін телерадио хабарларын тарату объектілерінің басшылары мен қызметкерлерінің, телерадио хабарларын тарату объектілерінде күзет

қызметтерін көрсететін күзет қызметі субъектілерінің басшылары мен қызметкерлерінің, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін бақылауды, бағалауды және жай-күйді зерделеуді жүзеге асыру кезінде үәкілдемінде қызметкерлерінің пайдалануына арналған.

Телерадио хабарларын тарату объектілерін пайдалану кезінде меншік нысанына қарамастан Талаптардың, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың сақталуы қамтамасыз етіледі.

4. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) алғашқы ден қою шаралары – терроризм актісінің қатері немесе жасалғаны туралы үәкілдемі мемлекеттік органдарды уақтылы хабардар етуге бағытталған, объект персоналы және күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қабылдайтын бірінші кезектегі іс-шаралардың, сондай-ақ терроризм актісінің ықтимал салдарын барынша азайту және жою (шұғыл (алғашқы) ден қою қүштерінің алғашқы және тергеу әрекеттерін жүзеге асыруына көмек көрсету, зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету, эвакуациялау және басқалары) жөніндегі іс-қимылдардың кешені;

2) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдардың және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

3) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қаранды уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

4) күзет қызметінің субъектілері – бұл Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және жекеменшік күзет ұғымдары;

5) телерадио хабарларын тарату объектісінің ықтимал қауіпті участеклері – аппараттық-студиялық кешенің техникалық ғимараты, радиотелевизиялық станция, антenna-діңгектік құрылыштар, дизель-генератор құрылғысы;

6) телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы – телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылары, қызметкерлері, оның ішінде жалға алынған алаңдарында қызметін жүзеге асыратын қызметкерлер;

7) телерадио хабарларын тарату объектісінің периметрі – құқық белгілейтін құжаттарға сәйкес телерадио хабарларын тарату объектісінің шекарасы;

8) телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалуының паспорты – телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін көрсететін және телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісінің жасалуын алдын алу (жолын кесу) және онда терроризм актісінің жасалу салдарларын барынша азайту (жою) жөніндегі іс-шаралар тізбесін қамтитын ақпараттық-анықтамалық құжат;

Осы Нұсқаудың таралынын басқа да ұғымдар терроризмге қарсы іс-қимыл мен телерадио хабарларын тарату салаларындағы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 15.07.2024 № 311-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының қамтамасыз ету жөніндегі шаралар телерадио хабарларын тарату объектілерінің аумағында терроризм актілерін жасауға кедергі келтіретін жағдайлар жасауға (оларды жасау тәуекелін төмендетуге), ықтимал террористік қатерлердің салдарын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған.

Телерадио хабарларын тарату объектілерін қорғау шараларын ұйымдастыру алдын ала, сараланған тәсіл, барабарлық және кешенділік қағидаттарында құрылады.

6. Телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы мыналарға бағытталған жағдайлар жасаумен қамтамасыз етіледі:

1) телерадио хабарларын тарату объектілеріне заңсыз кіруге кедергі жасау, оған мыналар бойынша шаралар қолдану арқылы қол жеткізіледі:

телерадио хабарларын тарату объектілерінде өткізу режимін белгілеу және оны мұлтқысіз сақтау;

радио хабарларын тарату объектісіне заңсыз кіруді анықтауға мүмкіндік беретін құралдармен инженерлік-техникалық жағынан телерадио хабарларын тарату объектісін нығайту;

2) терроризм актілерін дайындау және (немесе) жасау белгілерін анықтау, оған мыналар бойынша шаралар қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

құдікті адамдар мен заттарды анықтау тұрғысынан телерадио хабарларын тарату объектілеріндегі жағдайды бақылау;

телерадио хабарларын тарату объектілерінің материалдық-техникалық базасын жақсарту (инженерлік-техникалық жараптандыру);

3) телерадио хабарларын тарату объектілерінде терроризм актілерін жасау әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу, оған мыналар бойынша шаралар қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

телерадио хабарларын тарату объектісі үшін террористік сипаттағы ықтимал қауіптердің сипаты мен ерекшелігін нақтылау;

телерадио хабарларын тарату объектісі үшін террористік қауіптердің неғұрлым ықтимал сценарийлерін модельдеу және оларға ден қоюдың тиісті алгоритмдерін әзірлеу;

телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісін жасауға ықпал ететін ықтимал себептер мен жағдайларды айқындау және оларды жою;

телерадио хабарларын тарату объектісін, оның ішінде телерадио хабарларын тарату объектісінің ықтимал қауіпті участеклерін күзетуді жүзеге асыру;

телерадио хабарларын тарату объектілеріне келушілер мен көлік құралдарына қол жеткізуідің белгіленген тәртібін тұрақты бақылауды ұйымдастыру;

телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналында қауіпсіздік мәдениетін, терроризмге қарсы сананы қалыптастыру;

телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қауіпсіздігін қамтамасыз ететін барлық іс-шараларды бақылау;

4) телерадио хабарларын тарату объектілерінде террористік қатерлердің салдарларын барынша азайту және жою бойынша шаралар қабылдау арқылы қол жеткізіледі:

телерадио хабарларын тарату объектілерінің ерекшеліктеріне барабар террористік сипаттағы қатерлерге ден қою алгоритмдерін әзірлеу;

терроризм актісін жасау кезіндегі және одан кейінгі іс-әрекеттеріне қатысты күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін, телерадио хабарларын тарату объектісі персоналын тиісті даярлауға сәйкес келуі;

телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісі жасалған кезде үәкілетті органдарды, телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналын олардың іс-әрекеттері бойынша уақтылы хабардар етуді ұйымдастыру;

телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын уақтылы жасау және өзекті жай-күйде ұстau, оны тиісінше сақтау;

террористік акт қаупі бойынша ықтимал жағдайларды практикалық пысықтау және оқу-жаттығу өткізу.

7. Телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын телерадио хабарларын тарату объектісінің бірінші басшысы ұйымдастырады.

8. Телерадио хабарларын тарату объектісінің бірінші басшысының (не оның міндеттін атқарушы адамның) бүйрығымен телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шаралардың жүргізілуін қамтамасыз ететін адам айқындалады.

Телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізуі қамтамасыз етуге жауапты қызметкерді таңдау және тағайындау соңғысының терроризмге қарсы қызметінің ерекшелігіне неғұрлым сәйкес келетін құзыреті мен лауазымдық міндеттері ескеріле отырып жүргізіледі.

Телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы тиісті бүйрық шығарады, қызметкердің функциясы лауазымдық міндеттерге енгізіледі.

2-тарау. Өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар

9. Өткізу режимін қамтамасыз ету үшін телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы, қажет болған кезде, күзет қызметі субъектісімен (Қазақстан Республикасы

Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері және (немесе) күзет қызметтерін көрсетуге, оның ішінде террористік түрғыдан осал объектілерді күзетуге лицензиясы бар жекеменшік күзет ұйымымен) азаматтық заңнамаға сәйкес "Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт болмаған кезде, телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы өткізу режимін тікелей орындауға жауапты адамдарды тағайындаиды.

10. Талаптардың 15-тармағына сәйкес өткізу режимін ұйымдастыру тәртібін телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы айқындаиды.

11. Өткізу режимі қамтамасыз ету үшін орнатылады:

1) телерадио хабарларын тарату объектісінің, телерадио хабарларын тарату объектісі персоналдының және оған келушілердің қауіпсіздік деңгейін арттыру;

2) телерадио хабарларын тарату объектісіне бөгде адамдардың кіруін болдырмау;

3) телерадио хабарларын тарату объектісіне телерадио хабарларын тарату объектісі персоналына, телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілерге, көлік құралдарына санкцияланған рұқсат беруді ұйымдастыру;

4) телерадио хабарларын тарату объектісін, телерадио хабарларын тарату объектісінің ықтимал қауіпті участекелерін күзету, оның ішінде оларда бөгде адамдардың бақылаусыз болуын болдырмау;

5) тыйым салынған заттар мен заттектерді телерадио хабарларын тарату объектісіне кіргізу (шығаруды), әкелуді (алып өтуді) болдырмау.

12. Телерадио хабарларын тарату объектісі үшін өткізу режимін ұйымдастыру тәртібі мыналарды көздейді:

1) телерадио хабарларын тарату объектісі персоналдының жұмыс кестесі және оларды жұмыс және жұмыстан тыс уақытта өткізу тәртібі;

2) келушілерді телерадио хабарларын тарату объектісіне өткізу тәртібі;

3) материалдық құндылықтарды кіргізу (шығару), әкелу (алып өту) тәртібі;

4) осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес террористік түрғыдан осал телерадио хабарларын тарату объектілеріне алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттектердің тізбесі;

5) телерадио хабарларын тарату объектілерінің ықтимал қауіпті участекелерінің тізбесі көрсетілуге тиіс.

13. Телерадио хабарларын тарату объектілерінің ықтимал қауіпті участекелеріне оның жұмыс істеуін және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың шектеулі тобына ғана жол беріледі, осы аумақтағы басқа адамдарға телерадио хабарларын тарату объектісінде өткізу режимін ұйымдастыруға жауапты лауазымды адамның жазбаша рұқсатымен ғана жол беріледі.

14. Телерадио хабарларын тарату объектілерінде өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар:

- 1) телерадио хабарларын тарату объектісіне келген адамдардың жеке басын қуәландыратын құжаттарын, сондай-ақ адамдардың кіруіне (шығуына), көлік құралдарының кіруіне (шығуына), мұлікті алып кіруіне (алып шығуына), әкелуіне (әкетілуіне) құқық беретін құжаттарын тексеру;
- 2) көлік құралдары кірген (шыққан) кезде оларды қарап тексеруді жүргізу;
- 3) құзетілетін аумақтар мен қоршауларға бөгде адамдардың және белгісіз заттардың болуына көзben шолып қарауды жүргізу.

15. Телерадио хабарларын тарату объектісінде өткізу және объектішілік режимдерді ұйымдастыру тәртібі негізінде, оған тән ерекшеліктерді ескере отырып, телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі лауазымдық нұсқаулықты әзірлейді, ол мыналарды көздейді:

- 1) телерадио хабарларын тарату объектісінің кіреберісінде жеке басты қуәландыратын тиісті құжаттарды тексеруді жүзеге асырады;
- 2) телерадио хабарларын тарату объектісінің аумағына көлік құралдарын өткізу кезінде әкелінетін жүктердің тиісті құжаттарын және сипатын тексеруді жүзеге асырады;
- 3) телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің құжаттарын және келу мақсатын тексеру, телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің тізімін жүргізу;
- 4) телерадио хабарларын тарату объектілерінің аумағын ішкі үй-жайларды тексеру, телерадио хабарларын тарату объектілерінің периметрін қарап-тексеру және қоршаулардың бүлінуі тұрғысынан қарап-тексеру, бөгде, жарылыш қауіпті және құдікті заттарды анықтау тұрғысынан тұрақты аралап шығу;
- 5) барлық анықталған бұзушылықтар туралы телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысына деру хабарлау.

3-тарау. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар

16. Профилактикалық және оқу іс-шаралары телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналына және құзет қызметі субъектілерінің қызметкерлеріне, телерадио хабарларын тарату объектісін құзету бойынша телерадио хабарларын тарату объектісінің негізгі ерекшеліктері, терроризм актісін жасау кезіндегі ықтимал салдары, терроризм актілерін болғызбау және телерадио хабарларын тарату объектісінің аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі туралы жеткізу мақсатында жүргізіледі.

17. Профилактикалық және оқу іс-шараларын (бұдан әрі – сабактар) телерадио хабарларын тарату объектілерінің персоналы бар басшылар, сондай-ақ телерадио

хабарларын тарату объектісін күзетуге тартылатын қызметкерлері бар күзет қызметі субъектілерінің басшылары ұйымдастырады.

Сабактар жеке немесе практикалық іс-әрекеттерді орындай отырып, дәріс, нұсқау, жаттығу түрінде қызметкерлер тобымен өткізіледі.

Телерадио хабарларын тарату объектілерінде терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб уәкілдерімен эксперименттер өткізіледі.

18. Сабактар телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналын күдікті адамдар мен заттарды анықтау жөніндегі іс-қимылдарға, терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қаупі жағдайында залалды болғызбау немесе азайту жөніндегі іс-қимылдарға, оның салдарларынан қорғау тәсілдеріне, телерадио хабарларын тарату объектісінен телерадио хабарларын тарату объектісінің келушілері мен қызметкерлерін қауіпсіз және уақтылы эвакуациялауға оқытуды қамтамасыз етеді.

19. Теориялық сабактар (дәрістер) барысында нормативтік құқықтық актілерді регламенттейтін талаптар, нұсқаулықтар, іс-қимыл алгоритмдері туралы, телерадио хабарларын таратудың қорғалатын объектісінің ерекшеліктері туралы ақпарат жеткізіледі.

Практикалық сабактар барысында телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимылды пысықталады:

- 1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуация жүргізу бойынша;
- 2) терроризм актісі қатері төнген кезде;

3) телерадио хабарларын тарату объектісінде күдікті адамдар мен заттар, сондай-ақ телерадио хабарларын тарату объектісіне тән терроризм актілерін жасаудың өзге де сценарийлері табылған кезде жүзеге асырылады.

Практикалық және теориялық сабактар осы Нұсқаулықағы 2-қосымشاға сәйкес тақырыптар бойынша жылына кемінде бір рет кезеңділікпен өткізіледі.

20. Нұсқау өткізу сипаты мен уақыты бойынша жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Жоспарлы нұсқау жылына кемінде бір рет өткізіледі.

Жоспардан тыс нұсқауды телерадио хабарларын тарату объектілерінің басшылары немесе өзге де лауазымды адамдары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не өткізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері мынадай жағдайларда жүргізеді:

- 1) телерадио хабарларын тарату объектісі террористік қауіптілік деңгейі енгізілген аумақта болған кезде;
- 2) терроризм актісін жасаудың ықтимал қатері туралы ақпараттың болуы;
- 3) оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындалу;
- 4) күзет іс-шараларын өткізуға дайындық.

Жоспардан тыс нұсқау жеке немесе телерадио хабарларын тарату объектісінің персонал тобымен жүргізіледі. Жоспардан тыс нұсқаудың мазмұны оны жүргізу

қажеттілігін тудырған себептер мен жағдайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

Практикалық және теориялық сабактар, жоспарлы нұсқаулар телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы осы телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналымен, сондай-ақ күзет қызметі субъектісінің басшысы – күзет қызметкерлерімен бекіткен өткізу кестелеріне сәйкес жүргізіледі.

Телерадио хабарларын тарату объектісі ұжымының барлығын қамти отырып, терроризм актісі жасалған немесе жасалу қауіпі кезіндегі іс-қимылдар жөнінде сабактар өткізу – ішкі істер мен ұлттық қауіпсіздік органдардың аумақтық бөлімшелері 5 жұмыс күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

21. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штаб басшысының шешімімен телерадио хабарларын тарату объектілерінде эксперименттер өткізіледі.

Эксперименттер өткізу режимін бағалауға, телерадио хабарларын тарату объектілерінің, сондай-ақ оларда күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілерінің терроризм актісін жасауға кедергі келтіруге дайындығына, оның салдарын барынша азайтуды және (немесе) жоюды қамтамасыз етуге бағытталған.

22. Нұсқаулар мен сабактарды өткізу туралы осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес терроризмге қарсы қорғау жөніндегі оқу іс-шараларын есепке алу журналында жазба жүргізіледі не хаттама немесе анықтама (қатысушылардың едәуір саны (20 (жиырма) адамнан астам кездे) жасалады.

Телерадио хабарларын тарату объектілерінде эксперимент өткізу фактісі эксперимент өткізу нәтижелері туралы актімен расталады, ол объекті басшысында сақталады.

23. Телерадио хабарларын тарату объектісінде сабактар өткізу туралы негізгі есептік құжаттар мыналар болып табылады:

- 1) терроризмге қарсы дайындық жөніндегі іс-шараларды өткізуді есепке алу журналы;
- 2) осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес терроризмге қарсы бағыттағы нұсқауларды өткізу кестесі;
- 3) осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес жаттығуларды өткізу кестесі.

4-тaraу. Террористік көріністерге дең қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

24. Терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимыл терроризм актісінің (актілерінің) профилактикалау және ескерту, телерадио хабарларын тарату объектілерінің персоналын, телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдарды оқыту және даярлау, телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісі (актілері) қаупі төнген немесе жасалған кезде телерадио

хабарларын тарату объектісінің іс-қимылға дайындығын айқындау үшін ұйымдастырылады.

Телерадио хабарларын тарату объектілері персоналының, күзет қызметі субъектілерінің терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимылы терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатеріне ден қоюға, терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі оқу-жаттығуларды, жаттығуларды, эксперименттерді, сондай-ақ терроризмге қарсы операцияларды дайындау мен өткізуге дайындықты қамтамасыз ету шенберінде тұрақты негізде ұйымдастырылады.

25. Терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимыл профилактикалық және оқу іс-шараларын жоспарлау кезеңінде телерадио хабарларын тарату объектісі үшін террористік сипаттағы неғұрлым ықтимал қатерлерді нақтылау арқылы белгіленеді.

26. Телерадио хабарларын тарату объектісіндегі террористік сипаттағы неғұрлым ықтимал қатерлерге, телерадио хабарларын тарату объектісінің ерекшеліктеріне сүйене отырып, телерадио хабарларын тарату объектісінде осы Нұсқаулыққа 6-қосымшада келтірілген "Террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге телерадио хабарларын тарату объектісі адамдарының әртүрлі тобының іс-қимыл алгоритмдері" әзірленеді.

27. Аталған алгоритмдер уәкілетті мемлекеттік органдардың қатысуымен өткізілетін практикалық сабактар, сондай-ақ терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі сабактарды, жаттығу іс-шараларын дайындау және өткізу, телерадио хабарларын тарату объектісінің күзет бөлімшелері мен персоналының іс-қимылын бағалау барысында пысықталады.

28. Терроризмге қарсы әртүрлі деңгейдегі сабактарды, жаттығу іс-шараларын өткізу, телерадио хабарларын тарату объектісінің күзет бөлімшелері мен персоналының іс-қимылын бағалау қорытындылары бойынша тиісті жоспарларға, кестелерге және алгоритмдерге өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

29. Террористік көріністерге ден қою мәселелері бойынша өзара іс-қимыл міндеттерінің бірі – Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын терроризм актілерін дайындау фактілері мен белгілері туралы уақтылы хабардар ету және оларға жол бермеуге бағытталған шараларды іске асыру болып табылады.

30. Телерадио хабарларын тарату басшылары, объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің басшылары терроризм актісін (актілерін) жасау немесе жасау қатерлеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шенберінде алғашқы ден қою алгоритмдерін әзірлейді:

1) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) терроризм актісінің (актілерінің) жасалу қатері немесе жасалуы туралы уәкілетті мемлекеттік органдардан ақпарат алған кезде жүзеге асырылады.

31. Телерадио хабарларын тарату объектілерінің басшылары телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісінің жасалу қаупі немесе жасалғаны туралы (оның ішінде анонимді сипаттағы) ақпарат алған кезде ақпаратты дереу жеке өзі немесе олар уәкілеттік берген адам өзінің иелігіндегі байланыс құралдары арқылы Қазақстан Республикасының аумақтық ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына, сондай-ақ қарауында телерадио хабарларын тарату объектісі бар мемлекеттік органға (ұйымға) жеткізеді (қайталайды).

Ақпарат берген кезде терроризм актісі жасалған немесе оны жасау қауіпі туралы алынған мәліметтерде телерадио хабарларын тарату объектісінің атауы, оқиға болу уақыты, зардап шеккендер, олардың орналасқан жерлері мен жағдайы, хабарламаны берген адамның аты-жөні, тегі және әкесінің аты (бар болған кезде) және оның атқаратын лауазымы көрсетіледі.

32. Террористік қауіптіліктің белгіленген деңгейіне сәйкес телерадио хабарларын тарату объектілерінің басшысы немесе өзге де лауазымды адамдары мынадай қауіпсіздік шараларын қолданады:

телерадио хабарларын тарату объектісінде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік жүйелерінің жұмыс қабілеттілігін тексеру және қамтамасыз ету;

телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналымен терроризм актісінің (актілерінің) жасалғаны немесе жасау қатері кездегі іс-қимылдар бойынша нұсқаулар өткізу;

шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау;

терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау.

5-тaraу. Террористік тұрғыдан осал телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалу паспорттың әзірлеуге және оның айналымына қойылатын талаптар

33. Телерадио хабарларын тарату объектісін террористік тұрғыдан осал объектілерге алғашқы жатқызу кезінде оның басшысы телерадио хабарларын тарату объектісін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, елорданың террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне енгізу туралы тиісті хабарлама алғаннан кейін 45 (қырық бес) жұмыс күн ішінде телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалу паспорттын (бұдан әрі – Паспорт) әзірлеуге шаралар қабылдайды.

Паспорт "Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының ұлгілік паспорттың бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2013 жылғы 12 қарашадағы № 1217 қаулысымен бекітілген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының ұлгілік паспортына сәйкес бір мезгілде электрондық нұсқаны әзірлей отырып, екі данада әзірленеді.

34. Паспорт қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжат болып табылады және оны әзірлеу кезінде қолжетімділігі шектеулі ақпаратқа қойылатын "Мәліметтерді таратылуы шектелген қызметтік ақпаратқа жатқызу және онымен жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысының талаптарын сақтау қажет.

35. Телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы Паспортты әзірлеуге, оның сақталуына және Паспорттың деректерін уақтылы жаңартуға жауапты адамды (адамдарды) тағайындауды.

36. Әзірленген Паспорт жобасы телерадио хабарларын тарату объектісінің орналасқан жері бойынша аумақтық ішкі істер органдарының басшыларымен ол жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде келісіледі.

Паспорт жобасын келісу мерзімі Паспорт үлгілік Паспортта көрсетілген лауазымды адамға келіп түскен күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

Келісуші адамнан Паспорттың жобасына ескеrtlер болған жағдайда, пысықтау мерзімі қайтарылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспау қажет, ал қайта қайтарылған кезде 7 (жеті) жұмыс күнінен аспау қажет.

37. Келісілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Паспортты телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы бекітеді (оның ішінде оны жаңарту кезінде).

38. Паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) әзірленіп, бекітілгеннен кейін оның сақталуына және Паспорттың деректерін уақтылы жаңартуға жауапты адамда сақталуға тиіс.

Паспорт қызметтік іс жүргізуде міндettі түрде тіркелуге жатады. Құжаттың бірінші данасында құжат көшірмелерін жіберу туралы ақпарат жазылады.

39. Терроризм актілерінің салдарын жоюға және азайтуға тартылған органдарға Паспортты уақтылы беруді қамтамасыз ету үшін Паспортқа құжаттарды 2 (екі) данада уақытша беру актісі жасалады.

40. Құжаттарды уақытша беру актісінің бір данасы Паспортпен бірге терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабқа беріледі. Тізімдеменің екінші данасы Паспортты сақтауға жауапты телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысында қалады.

41. Паспорттың екінші данасы мен электрондық нұсқасы (PDF форматында электрондық ақпарат тасығышта) ол бекітілген немесе түзетілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірілмейтін мерзімде сақтау үшін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі.

42. Паспорт өзгерген кезде түзетуге жатады:

- 1) меншік құқығы;
- 2) телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы;

- 3) телерадио хабарларын тарату объектісінің атауы;
- 4) телерадио хабарларын тарату объектісінің негізгі мақсаты;
- 5) телерадио хабарларын тарату объектісінің жалпы ауданы мен периметрі, іргелес аумақты салу немесе күрделі жөндеу, ғимараттарды (құрылыштар мен құрылышжайларды) және инженерлік жүйелерді реконструкциялау аяқталғаннан кейін, егер конструкцияда өзгерістер жүргізілген болса;
- 6) телерадио хабарларын тарату объектісінің ықтимал қауіпті участеклері;
- 7) телерадио хабарларын тарату объектісінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін тартылатын техникалық құралдар.

43. Өзгерістер түзету үшін негіздер туындаған кезден кейін 20 (жыныма) жұмыс күні ішінде енгізіледі.

Паспортты әзірлеу, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу мерзімдері ұлғайған кезде телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы терроризмге қарсы комиссияға тиісті өтінішпен жүргінеді.

Паспортта сақтауға жауапты қызметкер өзгерістер себептері мен күндерін көрсете отырып, енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы, телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының немесе Паспортқа қол қоюға уәкілетті адамның қолымен расталған белгілер енгізеді. Өзгерістер болған Паспорттың элементтері ғана ауыстырылуға жатады.

Бір мезгілде телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат Паспорттың электрондық нұсқасын бір мезгілде ауыстыра отырып, Паспорттың екінші данасына қосу үшін Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жіберіледі.

44. Паспорт толық ауыстыруға жатады:

- 1) 5 (бес) жылда кемінде бір рет;
- 2) Паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде.

45. Паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға жатады.

Акт телерадио хабарларын тарату объектісінің құқық иесі болып табылатын ұйымда қалады.

Актінің көшірмесі Паспорттың екінші данасын сақтау орны бойынша жіберіледі.

6-тарау. Террористік түрғыдан осал телерадио хабарларын тарату объектілерін инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыруға қойылатын талаптар

46. Мемлекеттік күзетілуі тиіс телерадио хабарларын тарату объектілерінің инженерлік-техникалық нығайтылуы "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен айқындалған мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

47. Террористік тұрғыдан осал телерадио хабарларын таратудың өзге де объектілерінде тек ықтимал қауіпті участеклер ғана инженерлік-техникалық жабдықтармен жарактандырылады.

Олар орналасқан аумақ:

- 1) күзет телевизиялық жүйесімен;
- 2) хабардар ету жүйесімен;
- 3) периметрді қоршауымен;
- 4) жарықтандыру жүйесімен;
- 5) бақылау-өткізу пунктімен;
- 5-1) күзет және (немесе) дабыл сигнализация жүйесімен;
- 5-2) резервтік электрмен қамтамасыз ету жүйесімен және құралдарымен;
- 6) байланыс жүйесімен жабдықталады.

48. Негізгі қоршауы бар:

- 1) еркін өтуді жоққа шығаратын және телерадио хабарларын тарату объектісінің режимдік шарттарын қанағаттандыратын биік және жерге терең орнатылған болуы;
- 2) конструкциясы қарапайым, беріктігі жоғары және ұзақ уақытқа төзімді болуы;
- 3) одан өтуді жеңілдететін түйіндер мен конструкциялары болмауы тиіс.

49. Периметрдің қоршауы мынадай сипаттамаларға сәйкес болуы тиіс:

- 1) барлық маусымдардың және тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климаттық факторларына төзімділігі;
- 2) индустримальық кедергілерден және көлік құралдары тудыратын кедергілерден, құстар мен жануарлардың әсерінен қорғалуы.

50. Күзет сигнализациясы жүйесінің құрылымы:

- 1) телерадио хабарларын тарату объектісінің жұмыс режимі;
- 2) үй-жайлардың ғимарат ішінде орналасу ерекшеліктері;
- 3) күзетіletін аймақтар саны.

Телерадио хабарларын тарату объектісінің ықтимал қауіпті участеклері санкцияланбаған кіру немесе телерадио хабарларын тарату объектісіне және (немесе) телерадио хабарларын тарату объектісінің күзетіletін аймағына кіру әрекеті туралы хабарламаларды анықтау және беру үшін күзет және дабыл сигнализациясы жүйелерімен құралдарымен жарактандырылады.

51. Өткізу режимі белгіленген немесе оны қолдану жоспарланып отырған телерадио хабарларын таратудың барлық объектілері бақылау-өткізу пунктімен жарактандырылады.

Бақылау-өткізу пункті адамдар мен көлік құралдарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етеді. Бақылау-өткізу пункті ғимараттарының (құрылышжайларының) сыртқы қоршау конструкциялары (қабырғалары мен жабындары) құқыққа қарсы сипаттағы іс-әрекеттерді қоса алғанда, сыртқы әсерлерге төзімді және толық шолуға ие және күзет қызметкерін шабуылдан қорғауды қамтамасыз етеді.

Өткізу режиміне байланысты бақылау-өткізу пунктінде рұқсаттамаларды немесе автоматты карточкаларды сақтауға арналған арнайы үй-жай көзделеді. Телерадио хабарларын тарату объектісінің бас автокөліктік бақылау-өткізу пункті персоналдың өтуіне арналған орталық бақылау-өткізу пунктіне жақын орналасады.

52. Периметр бойынша құзеттік жарықтандыру желісі сыртқы жарықтандыру желісінен бөлек орындалады және дербес участкерге бөлінеді.

Кұзеттік жарықтандыру:

1) телевизиялық сигнализация жүйесі іске қосылған кезде бір участкеде немесе бүкіл периметр бойынша жарықтандыруды автоматты түрде қосу мүмкіндігімен;

2) жарықтандыруды басқару мүмкіндігі кез келген участкені немесе бүкіл периметрді жарықтандыруды қосуымен қамтамасыз етіледі.

Кұзеттік жарықтандыру шырағдандары аумақтың ішіндегі қоршау желісіне тікелей жақын жерде, қызмет көрсету үшін қолайлы және қауіпсіз орындарда орнатылады.

Кұзетілетін (бақыланатын) аймақтар кез келген тараптан кемінде құзеттің екі шебі бұзушылықты тіркейтіндей етіп орналастырылады.

53. Телевизиялық құзет объектісінің жүйесіне кіретін бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандығы № 69-ке бүйробымен бекітілген Ұлттық бейне мониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) көзделген бейнебақылау жүйелерінің ең төмен техникалық мүмкіндіктеріне сәйкес келеді.

Телевизиялық бейнебақылау жүйесі мынадай функционалдық талаптарды (сипаттамаларды) орындау мүмкіндігін қамтамасыз етеді:

1) құзет объектілерін және оларға іргелес аумақтарды көзben шолып бақылау;

2) қауіпсіздік қызметі (бөлімше) персоналдының іс-қимылын көзben шолып бақылау және осы іс-қимылды үйлестіру үшін қажетті ақпарат беру;

3) оқиғаларды кейіннен талдау үшін бейнеақпаратты сақтау (ақпаратты сақтау мерзімі кемінде 30 (отыз) тәулік болуы тиіс);

4) автоматты режимде немесе оператордың бүйробы бойынша оқиғаларды бейне күжаттау;

5) жұмыс режимдерін бағдарламалау;

6) қол жеткізуді басқару және құзет сигнализация жүйесінің басқаруындағы жұмыс істеу;

7) анықтау құралдарының іске қосылу сигналы бойынша телекамералардан кескіндерді автоматты түрде шығару;

8) санкцияланбаған іс-әрекеттерді болдырмау мақсатында басқаруға және бейнеақпаратқа қол жеткізу өкілеттіктерінің аражігін ажырату;

9) бұрын жазылған ақпаратты басып шығаруды және тыңдатып көрсету;

10) телекамераның уақытын, күнін және сәйкестендіргішін пайдалану арқылы бейнеказбаға жедел қол жеткізу.

54. Телевизиялық бейнебақылау жүйесі объектісінде мыналармен жабдықталған:

- 1) аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері;
- 3) тексеріп қарау үй-жайлары (бөлмелері), көлікті тексеріп қарау аймағы;
- 4) негізгі және қосалқы кіреберістер;

5) телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды өткізуді қамтамасыз ететін объект немесе құрылымдық бөлімше басшысының қалауы бойынша басқа да үй-жайлар.

55. Телерадио хабарларын тарату объектісінде аумағын немесе оның периметрін бақылауға арналған бейнекамералар климаттық аймаққа сәйкес сыртқы қондырғылар үшін климаттық факторлардың әсер ету жағдайларында жұмыс істейді не климаттық факторлардың әсер етуі кезінде жұмыс қабілеттілігін қамтамасыз ететін герметикалық термоқаптамаларда орналастырылады.

Егер күзеттілітін аймақтың жарықтандырылуы телекамералардың сезімталдығынан төмен болса, тәуліктің қараңғы уақытында көрінетін немесе инфрақызыл жарық диапазонының күзеттік жарығы қосылады.

Күзеттік жарық түсіру аймақтары телекамералардың шолу аймағымен сәйкес келеді

Объектінде үлкен аумақтарын бір телекамерамен бақылау үшін айнымалы фокустық арақашықтықты объективтер және қашықтан басқарылатын айналмалы құрылғылар қолданылады.

Объектінде үй-жайларында диафрагмасы қолмен реттелетін объективпен жабдықталған электрондық бекітпесі бар телекамераларды пайдалану керек. Объектінде үй-жайларынан тыс жерлерде (көшеде) телекамераларды диафрагмасы автоматты түрде реттелетін объективпен жабдықтау қажет.

Телевизиялық бейнебақылау жүйесі қозғалатын объективлер анықталған кезде орталықтандырылған күзет пунктіне сигнал беруді қамтамасыз етеді.

Телевизиялық бейнебақылау жүйесінде ден қою уақыты бұзушының бақыланатын аймақтың жартысын өтуіне жететін уақыттан аспайды.

Барлық бейнеақпарат бейнекинақтағыштар: ұзақ уақыт жазатын арнайы бейнемагнитофондар немесе цифрлық ақпарат бейнекинақтағыштарға жазылып алынады.

56. Конструктивті телевизиялық бейнебақылау жүйесі модульдік қағидаты бойынша құрылады және мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) ауысымдық бір типті техникалық құралдардың өзара бірін-бірі алмастыруды;
- 2) техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдаланудың ыңғайлылығын;
- 3) басқару элементтеріне санкцияланбаған кіруін болдырмауды;

4) пайдалану процесінде реттеуді, қызмет көрсетуді немесе ауыстыруды талап ететін барлық элементтерге, тораптарға және блоктарға санкцияланған қолжетімділікті.

57. Автономды резервтік электрмен қуат көздері телевизиялық сигнализация жүйесінің, қол жеткізуді басқаруды бақылау жүйесінің, телевизиялық бейнебақылау жүйесінің, күзет және кезекші жарықтандырудың жұмысын қамтамасыз етеді:

- 1) қалалар мен қала типті кенттерде – кемінде 24 (жиырма төрт) сағат;
- 2) ауылдық аудандарда – кемінде 48 (қырық сегіз) сағат;
- 3) жету қызын аудандарда – кемінде 72 (жетпіс екі) сағат.

58. Хабардар ету жүйесі – телерадио хабар тарату объектідегі адамдарды төтенше оқиғалар (авария, өрт, дүлей зілзала, шабуыл жасау, террористік акт) және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар кезіндегі дабыл туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабардар етуге) арналған техникалық құралдар жынтығы.

Объектінің персоналы мен келушілерін хабардар ету қамтамасыз етуге тиіс техникалық құралдардың көмегімен жүзеге асырылады:

- 1) ғимараттарға, үй-жайларға, объект аумағының адамдар үнемі немесе уақытша болатын участкеріне дыбыс және (немесе) жарық сигналдарын беруді;
- 2) қауіптілік сипаты, эвакуациялау қажеттілігі мен жолдары, объектінің персоналы мен келушілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған басқа да іс-қимылдар туралы ауызша ақпаратты трансляциялауды қамтамасыз етуі тиіс.

Хабарлағыштардың саны және олардың қуаты адамдар үнемі немесе уақытша болатын барлық жерлерде қажетті естілуді қамтамасыз етуі тиіс.

Телерадио хабар тарату объектісі басшысының шешімі бойынша оған қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатылады.

59. Телерадио хабарларын тарату объектін террористік түрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізгеннен кейін 6 ай ішінде инженерлік-техникалық жабдықпен жарақтандыру мүмкін болмаған кезде, телерадио хабарларын тарату объектінің басшылығы объектіні жарақтандыруға бюджет қаражатын жоспарлау үшін шаралар қабылдайды, ал терроризмге қарсы комиссияға келісуге объектіні инженерлік-техникалық жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы ұсынылады.

Телерадио хабарларын тарату
(техникалық құрылыштар)
объектілері (радиотелевизиялық
станциялар) саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
террористік түрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа

1-қосымша

Телерадио хабарларын тарату қызметін жүзеге асыратын террористік түрғыдан осал объектілерге алыш кіруге тыйым салынатын заттар мен заттектердің тізбесі

1. Жарылғыш заттар, жару құралдары және олармен толтырылған заттар:

- 1) кез келген орамдағы және кез келген мөлшердегі оқ-дәрі;
- 2) жауынгерлік патрондар (оның ішінде шағын калибрлі);
- 3) газды қарудың патрондары;
- 4) аңшылыш каспюльдер (пистондар);

5) пиротехникалық құралдар: сигнал беру және жарық беру зымырандары, сигналдық патрондар, қондыру шашкалары, тұтін патрондары (шашкалар), қопарғыш сірінкелер, бенгал оттары, теміржол петардалары;

6) тротил, динамит, тол, аммоний және басқа да жарылғыш заттар;

7) каспюльдер-детонаторлар, электр детонаторлар, электр тұтандырғыштар, детонациялайтын және от еткізгіш бау.

2. Сығылған және сұйытылған газдар:

1) тұрмыстық пайдалануға арналған газдар (бутан-пропан) және басқа да газдар;

2) жүйкені сал ететін және көзден жас ағызатын әсері бар затпен толтырылған кішкентай газ баллондар.

3. Тұтанғыш қатты заттар:

1) өздігінен тұтануға бейім заттар;

2) сумен әрекеттескенде тез тұтанатын газ бөлөтін заттар: калий, натрий, металл кальций және олардың қорытпалары, фосфорлы кальций;

3) ақ, сары және қызыл фосфор және жанғыш қатты заттар санатына жататын барлық басқа заттар.

4. Күлімсі, күйдіргіш және тоттандыратын заттар:

1) күшті бейорганикалық қышқылдар: тұз, күкірт, азот және басқалары;

2) фторсүтекті (балқытқыш) қышқыл және басқа да күшті қышқылдар мен тоттандыратын заттар;

5. Улы және улағыш заттар:

1) кез келген ыдысқа салынған сұйық немесе қатты күйдегі кез келген улы күшті әсер ететін және улағыш заттар;

2) көгеркті қышқылдың барлық тұздары және цианды препараттар;

3) циклон, цианплав, мышьякты ангидрид;

4) басқа қауіпті заттар, заттар, ірі көлемді қол жүгі (40x80x30 сантиметрден асатын шабадандар, рюкзактар, сөмкелер, қораптар) және объект қызметкерлеріне шабуыл жасау құралы ретінде пайдаланылатын, сондай-ақ объектіге қауіп төндіретін жүктөр;

6. Атыс қаруы, оның ішінде қысқа ұңғылы және ұзын ұңғылы ойық және тегіс ұңғылы атыс қаруы, газды, пневматикалық және электрлі шокты құрылғылар, сұық қару (пышақтар, корттар, стилеттер және тағы басқа).

Телерадио хабарларын тарату
 (техникалық құрылыштар)
 объектілері (радиотелевизиялық
 станциялар) саласындағы
 қызметті жүзеге асыратын
 террористік түргыдан осал
 объектілердің терроризмге
 қарсы қорғалуын ұйымдастыру
 жөніндегі нұсқаулыққа
 2-қосымша

Сабак тақырыптарының нұсқалары

p/c	Тақырыптардың атаулары	Барлығы сағат	Оның ішінде		
			Дәрістер	Практикалық сабактар	Жаттығулар
Телерадио хабарларын тарату объектісінің барлық қызметкерлері үшін					
1.	Телерадио хабарларын таратудың террористік түргыдан осал объектілерінің ерекшеліктері, терроризм актісі жасалған кездегі салдарлар				
2.	Жарылғыш заттарды тану және жарылыш қаупі кезінде өзін-өзі ұстай қағидалары				
3.	Телерадио хабарларын тарату маңында қоғамдық тәртіпсіздіктер туындаған және адамдарды кепілге алу қаупі туындаған к е з д е қауіпсіздікті қамтамасыз ету				
4.	Террористік акт жасау қаупі төнген кезде қауіпсіздікті қамтамасыз ету				
	Жасалған террорлық				

5.	шабуыл кездегі басшылардың іс-қимылдары			
6.	Телерадио хабарларын тарату объектісі миналанғаны туралы анонимді қоңырау алған кездегі іс-қимыл тәртібі			
7.	Телерадио хабарларын тарату объектісі миналанғаны туралы ауызша хабар алған кездегі іс-қимыл тәртібі			
8.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде күдікті зат табылған кездегі іс-қимыл тәртібі			
9.	Телефон арқылы телерадио хабарларын тарату объектісіне қоқан-лоққы жасалған, сондай-ақ жазбаша нысандағы қоқан-лоққы кездегі іс-қимыл тәртібі			
10.	Телерадио хабарларын тарату объектісіне қарулы шабуыл жасау кездегі іс-қимыл тәртібі			
11.	Телерадио хабарларын тарату объектісінің адамдарын кеңілге алу			

	кездегі іс-қымыл тәртібі				
12.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде атыс кездегі іс-қымыл тәртібі				
13.	Телерадио хабарларын тарату объектісі ғимаратының жарылуы кездегі іс-қымыл тәртібі				
14.	Террористердің телерадио хабарларын тарату объектісіне шабуыл жасау кездегі іс-қымыл тәртібі				
15.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде өрт (жарылыс) туындаған, телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимараттары мен құрылышжайлары құлаған кездегі іс-қымыл тәртібі				
Откізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлерге арналған қосымша тақырыптар					
16.	Терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану қағидалары				
	Бақылау-откізу пунктінде көлік құралдары мен адамдарды				

17.	тексеріп және мұқият тексеріп қарауды жүргізу тәртібі			
18.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде күдікті зат табылған кездегі іс-қимыл тәртібі			
19.	Телефон арқылы телерадио хабарларын тарату объектісіне қоқан-лоққы жасалған, сондай-ақ жазбаша нысандағы қоқан-лоққы кездегі іс-қимыл тәртібі			
20.	Телерадио хабарларын тарату объектісіне қарулы шабуыл жасау кездегі іс-қимыл тәртібі			
21.	Телерадио хабарларын тарату объектісінің адамдарын кепілге алу кездегі іс-қимыл тәртібі			
22.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде атыс кездегі іс-қимыл тәртібі			
23.	Телерадио хабарларын тарату объектісі гимаратының жарылуы кездегі іс-қимыл тәртібі			

24.	Террористердің телерадио хабарларын тарату объектісіне шабуыл жасау кездегі іс-қымыл тәртібі				
25.	Телерадио хабарларын тарату объектісінде өрт (жарылыс) туындаған, телерадио хабарларын тарату объектісінің гимараттары м е н құрылышжайлар ы құлаған кездегі іс-қымыл тәртібі				

Жұмысқа алғаш қабылданған қызметкерлер үшін

26.	Телерадио хабарларын тарату объектісіндегі қауіпсіздік шараларының негізгі талаптары				
27.	Телерадио хабарларын тарату объектілеріне террористік акт жасалған кездегі ықтимал қауіптері				
28.	Телерадио хабарларын тарату объектісіне шабуыл жасау кездегі іс-қымыл тәртібі				

Телерадио хабарларын тарату
(техникалық құрылышжай
объектілері (радиотелевизиялық
станциялар) саласындағы

қызметті жүзеге асыратын
террористік тұргыдан осал
объектілердің терроризмге
кары қоргалуын
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
3-қосымша

**Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу ЖУРНАЛЫ _____
(үйымның атауы) (титулдық парап)**

Терроризмге қарсы даярлық бойынша оқу іс-шараларын өткізу үшін есепке алу № _____
журналы

Журналды жүргізу үшін 1-бөлімдегі бастау күні 20 _____ жыл "___" _____

Журналды жүргізу үшін 1-бөлімдегі аяқталу күні 20 _____ жыл "___" _____ (ішкі жағы)

1-бөлім. Нұсқаулар

№ р/с	Нұсқауды өткізу күні	Нұсқау алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы	Нұсқау түрі: жоспарлы/ жоспардан тыс	Нұсқау жүргізген адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) және лауазымы	Нұсқау алушының қолы	Нұсқау өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7

Ескертпе:

1) жоспарлы нұсқаулар барысында қызметкерлерге терроризм актісі туындаған кезде барлық ықтимал жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері жеткізіледі, ал жоспардан тыс нұсқаулардың тақырыбы өткізілетін оқу-жаттығулардың, жаттығулар мен эксперименттердің тақырыбына байланысты болады;

2) терроризмге қарсы бағыттағы өткізілетін жоспарлы нұсқауларды құжаттамалық ресімдеуді қолжазба тәсілімен де, аралас қолжазба және баспа тәсілімен де жүзеге асыруға жол беріледі. 3, 4 және 5 бағандарды баспа түрінде толтыруға жол беріледі (егер нұсқауды бір қызметкер жүргізсе), журналдың қалған бағандарын нұсқауды туындаған адам өзі толтырады;

3) өткізу күні толық көрсетіледі (күні, айы және жылы);

4) телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналымен жоспардан тыс нұсқау жүргізу қажет болған жағдайда оны да осы журналда құжаттайтыны, ал "Нұсқаудың түрі" бағанда "жоспардан тыс", "№ _____ телефонограмма бойынша", "террористік қауіптілік деңгейі бойынша" жазба қоюға жол беріледі.

2-бөлім. Сабак

№ р/с	Сабакты өткізу күні	Сабактың тақырыбы	Оқу сұрақтары	Қатысқан қызметкерлер саны	Сабак өткізген адамның қолы
-------	---------------------	-------------------	---------------	----------------------------	-----------------------------



Ескертпе: сабақтың тақырыбы мен оқу сұрақтары жалпы сипатта емес, нақты көрсетілген.

Телерадио хабарларын тарату
(техникалық құрылышжай
объектілері (радиотелевизиялық
станциялар) саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
террористік түргыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын
ұйымдастыру жөніндегі
нұсқаулыққа
4-қосымша
"Бекітемін"
Ұйым басшысы

тегі, аты, әкесінің аты
(бар болған кезде)
20 ____ жыл " ____ "

20__ жылға арналған өткізу режимін (құрылтай құжаттарына сәйкес объектінің атауы)
қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлермен нұсқау өткізу кестесі

№ р/с	Тақырыптың атауы	Жаттығу аудионы	Өткізу күні	Ескертпе
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				

Ұйымдағы терроризмге қарсы қызметке жауапты болып тағайындалған адамның
лауазымы _____ тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде)

Ескертпе:

Егер мекеме қызметкери қандай да бір себептермен (науқастану, демалыс) нұсқау жүргізу кезінде болмай қалса, онымен тақырыпты зерделеу ағымдағы тоқсан аяқталғанға дейін кез келген күні жеке жүргізіледі.

Телерадио хабарларын тарату
(техникалық құрылышжай
объектілері (радиотелевизиялық
станциялар) саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
террористік түргыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа

5-қосымша
"Бекітемін"
Ұйым басшысы

тегі, аты, экесінің аты
(бар болған кезде)
20 ____ жыл " ____ "

**20__ жылға арналған өткізу режимін (құрылтай құжаттарына сәйкес объектінің атауы)
қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлермен жаттығулар өткізу
кестесі**

№ р/с	Тақырыптың атауы	Жаттығу аудионы	Өткізу күні	Ескертпе
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				

Ұйымдағы терроризмге қарсы қызметке жауапты болып тағайындалған адамның
лауазымы _____ тегі, аты, экесінің аты (бар болған кезде)

Ескертпе:

Егер мекеме қызметкери қандай да бір себептермен (науқастану, демалыс) нұсқау
жүргізу кезінде болмай қалса, онымен тақырыпты зерделеу ағымдағы тоқсан
аяқталғанға дейін кез келген күні жеке жүргізіледі.

Телерадио хабарларын тарату
(техникалық құрылыштар)
объектілері (радиотелевизиялық
станциялар) саласындағы
қызметті жүзеге асыратын
террористік түрғыдан осал
объектілердің терроризмге
қарсы қорғалуын ұйымдастыру
жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша

**Телерадио хабарларын тарату объектісінің әртүрлі адамдар тобының террористік сипаттағы
қауіп-қатерлерге іс-қимыл алгоритмдері**

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы телерадио хабарларын тарату объектісінің әртүрлі адамдар тобының
террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге іс-қимыл алгоритмі (бұдан әрі – Алгоритм)
техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған және терроризм актісін жасау
қаупі төнген жағдайларда телерадио хабарларын тарату объектілерінің жұмыс істеуінің

орнықтылығын арттыру жөніндегі іс-шараларды басқару мақсатында әзірленген және олардың алдын алуға және жоюға бағытталған.

Террористік қатерлердің алдын алу адамдардың өмірі мен денсаулығын сактауға, террористік қатерді жүзеге асыру тәуекелін барынша азайтуға және терроризм актісін жасауды барынша азайтуға бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында авариялық-құтқару және кезек құттірмейтін жұмыстарды жүргізуге дайындық жөніндегі іс-шаралар кешенін қабылдау телерадио хабарларын тарату объектілерінің жұмыс істеу орнықтылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

2. Терроризм актісі жасалған кезде телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы жасалған терроризм актісі туралы құқық қорғау және арнаулы органдарды дереу хабардар етеді, телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылары телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналын эвакуациялауды қамтамасыз етеді.

Терроризм актісін жасау қатерінің туындауының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру кезінде телерадио хабарларын тарату объектілеріне және бөгде адамдардың осал участеклеріне (участеклеріне, жабдықтарына) еркін енуін болдырмауға ерекше назар аудару маңызды, бұл террористік құралдарды жеткізу, сондай-ақ бақылау автоматика аппаратурасын, байланыс құралдарын іsten шығару мүмкіндігін болдырмаиды.

Террористік қызметті ықтимал дайындау мен жүзеге асырудың негізгі белгілері:

мінез-құлқында террористік шабуыл жасалуы мүмкін телерадио хабарларын тарату объектісінің жақын маңындағы жағдайды зерделеп жүргені байқалатын, объектінің қызметіндегі белгілі бір нәрселерге жоғары немесе негіzsіz себептен қызығушылық танытқан адамдардың пайда болуы;

телерадио хабарларын таратудың таңдал алынған объектілеріне құдікті адамдардың бірнеше рет келуі және олардың фото- және бейнетүсірілім жүргізуі;

телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін персоналмен және адамдармен негіzsіz байланыс жасау, олардан жұмыс режимін, қолжетімділік тәртібін, қауіпсіздікті қамтамасыз етуді барлап білу;

техникалық қызмет көрсетуге қатысы жоқ адамдардың жертөлелерге түсіп, шатырларға көтерілуі;

телерадио хабарларын тарату объектісі ғимаратына кіреберістегі күзет тексеруіне бөгде келушілердің (құдік тудыратын адамдардың) жеке басы туралы ақпарат бермейтін құжаттарды ұсынуы;

телерадио хабарларын тарату объектісінің әкімшілігі мен персоналына жалған ақпарат хабарлау;

осал участеклерді және оларға кіру тәртібін, телерадио хабарларын тарату объектісінің өткізу режимі мен күзету жүйесінің тәртібін зерделеу.

Террористік шабуылдың үлгілік сценарийлерін алдын ала талдау негізінде оларды төтенше жағдайларды дамытудың әрбір фазасында қолайлы, оң жағына өзгерту мақсатында нақты бастапқы, аралық және қорытынды жағдайларға тиімді әсер етуге мүмкіндік беретін іс-шаралар кешенін әзірлеу және нақты уақыт режимінде іске асыру маңызды.

Тұрлі жағдайларды алдын ала пысықтау Телерадио хабарларын тарату объектісінің әртүрлі адамдар тобының террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге іс-қимыл алгоритмін, оның ішінде экстремалды жағдайлардағы іс-қимылдарды реттейтін мекенжай нұсқаулықтары мен жадынамаларды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Телерадио хабарларын тарату объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға басшылықты олардың басшылары Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыretі шегінде жүзеге асырады.

3. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шаралар олардың туындау ықтималдығы мен олардан келтірілуі мүмкін залалды ескере отырып жүргізіледі.

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі іс-шараларды орындау қолданыстағы заңнамада белгіленген құзыretі шегінде телерадио хабарларын тарату объектісінің басшыларына жүктеледі.

2-тaraу. Ғимаратта және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кезде телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимыл тәртібі

4. Тәртіп білім беру үйімінде және оның аумағында терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кезде телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимылдарын жүйелейді және синхрондайды.

Аталған тәртіпті телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы әрбір қызметкерге жеткізеді.

5. Телерадио хабарларын тарату объектісінде терроризм актісінің жасалу қаупі туындаған кезде дереу іс-қимыл жасауға:

күдікті затты табу;

телерадио хабарларын тарату объектісіне телефон арқылы немесе жазбаша түрде қоқан-лоққы жасалуы;

телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы мен келушілеріне қарулы шабуыл жасау;

террористердің телерадио хабарларын тарату объектісінің қызметкерлері мен келушілерін кепілге алуы;

телерадио хабарларын тарату объектісі үйімінше шабуыл жасау негіз болып табылады.

6. Жоғарыда аталған жағдайларда телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылығы болған оқиға туралы дереу:

ішкі істер органдарының "102" арнасына, "112" бірынғай кезекші-диспетчерлік қызметіне;

телерадио хабарларын тарату саласындағы уәкілетті органға дереу хабарлайды.

1-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісінде күдікті затты табу

7. Күдікті зат дегеніміз – күдікті дыбыстар (шертулер, тықылдау) және ерекше істер (бадам, хлор, аммиак) шығаратын иесіз сөмке, пакет, жәшік, қорап, шығып тұрған сымдары бар ойыншық.

Бұл зат жарылғыш құрылғы немесе улы химикаттармен, биологиялық агенттермен (сібір жарасы, натуралды шешек, туляремия сияқты қауіпті инфекциялардың қоздырғыштары) толтырылған пакет болуы мүмкін.

8. Қауіпті немесе күдікті затты тапқан адамдар бұл туралы ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірынғай кезекші-диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау керек.

Қауіпті немесе күдікті затты тапқан адам шұғыл ден қою қызметтері келгенге дейін заттан қауіпсіз қашықтықта болуы және болған жағдайға қатысты айғақтар беруге дайын болуы қажет.

9. Күдікті зат табылған жағдайдағы телерадио хабарларын тарату объектісінің басшының іс-қимылдары:

телерадио хабарларын тарату объектісінің тұрақты қызметкерлері қатарынан коршау қою;

қауіпті немесе күдікті зат табылған жерге шұғыл ден қою қызметтерінің кедергісіз кіруін қамтамасыз ету (ішкі істер органдарының бөлімшелері, жедел медициналық көмек қызметтері, өрт сөндіру құралдары, жедел-құтқару қызметтері);

телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы мен келушілерін эвакуациялау жөнінде шаралар қабылдау.

10. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының күдікті зат табылған кездегі іс-қимылдары:

күдікті заттың табылғаны туралы телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысына хабарлау;

телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілерді күдікті заттан қауіпсіз қашықтыққа (100 метрден алыс) ауыстыру, олжаға жақындау, ұстамау, ашпау және оның орнын ауыстырмау;

күдікті затты тапқан адамдарға шұғыл ден қою қызметтері келгенге дейін қауіпсіз қашықтықта болуға және болған жағдайға қатысты айғақтар беруге дайын болуы тиіс;

иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналадағы адамдардан сұхбат алу;

күдікті зат табылған жердің жанында радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы телефонды да пайдаланудан бас тарту;

анықтау уақыты мен орнын белгілеу;

телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілерді қауіпті аймақта іргелес аумақтан эвакуациялауды ұйымдастыруға жәрдемдесу;

қажет болған жағдайда қорғанысты қамтамасыз ететін заттардың артына (ғимараттың бұрышы, бағана, ағаш, автомашина) тығылу, бақылау жүргізу;

телерадио хабарларын тарату объектісінен шығып кету, мүмкін болмаған жағдайда – қорғауды қамтамасыз ететін және қажетті қашықтықтағы заттардың артына тығылу қажет.

11. Телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің іс-қимылдары:

үрейленбеу, барлық жерде телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналының тындау;

құдікті затты ұстамау, ашпау және жылжытпау;

қажет болған жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың артына тығылу (ғимараттың бұрышы, бағана, ағаш, автомашина);

телерадио хабарларын тарату объектісінен шығып кету, мүмкін болмаған жағдайда – қорғауды қамтамасыз ететін және қажетті қашықтықтағы заттардың артына тығылу қажет.

12. Телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-қимылдары:

құдікті затты ұстамау, жақындау, қозғамау;

иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналадағы адамдардан сұхбат алу;

құдікті зат табылған жердің жанында радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы телефонды пайдаланудан бас тарту;

мүмкіндігінше анықтау уақыты мен табылған орнын белгілеу;

құдікті заттың табылғаны туралы ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірынғай кезекші-диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау;

құдікті заттың сыртқы түрін мен оның табылу мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

дүрбелең туғызбау үшін не болғанын білуі тиіс адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламау;

құдікті зат пен қауіпті аймақта бөгде адамдардың кіруін шектеуді қамтамасыз ету;

қауіпті аймақта іргелес аумақтан адамдарды ұйымдастыру түрде эвакуациялауды қамтамасыз ету;

қажет болған жағдайда қорғанысты қамтамасыз ететін заттардың артына (ғимараттың бұрышы, бағана, ағаш, автомашина) тығылу, бақылау жүргізу.

Жарылғыш құрылғы немесе жарылғыш құрылғыға ұқсас зат табылған кезде эвакуация мен қоршау ұсынылатын аймақтар:

граната – 50 метр;

салмағы 200 грамм тротил шашкасы – 45 метр;

жару құрылғысы – кемінде 200 метр;

0,33 литр сыра банкісі – 60 метр;
дипломат (кейс) – 230 метр;
жол шабаданы – 350 метр;
женіл автомашина – кемінде 600 метр;
микроавтобус – 920 метр;
жүк машинасы (фургон) – 1240 метр.

2-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісіне телефон арқылы қоқан-лоққы жасалуы

13. Телефон салынған жарылғыш құрылғылар туралы, адамдарды кепілге алу, қорқытып алушылық және бопсалау туралы ақпаратты қамтитын хабарламалар келіп түсетін арна болып табылады.

Мұндай сигналдың ешқайсысын назардан тыс қалдырмау. Әңгімені есте сақтау және оны қағазға түсіру.

Сөйлесу фактісі мен оның мазмұнын таратпау, ақпаратқа ие адамдардың санын барынша шектеу.

14. Телефон арқылы қоқан-лоққы алушының іс-қимылдары (телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы):

Әңгіме барысында қонырау шалушының жынысын, жасын және сөйлеу ерекшеліктерін белгілеу:

дауыс (қатты немесе тыныш, төмен немесе жоғары);
сөйлеу қарқыны (жылдам немесе баяу);
айтылымы (айқын, бұрмаланған, тұтығу, сыйырмен, сақау немесе диалектімен);
сөйлеу әдеті (әдепсіз, келемеждең, былапты сөздермен).

Дыбыстық фонға (автомобильдердің немесе теміржол көлігінің шуы, теле - немесе радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар), қоныраудың сипатына (қалалық, қалааралық) назар аудару маңызды.

Әңгіменің нақты басталу уақыты мен ұзақтығын айқындал қою керек.

Қалай болғанда да, әңгіме барысында мынадай сұрақтарға жауап алуға тырысу:

бұл адам қайда, кімге, қандай телефон арқылы қонырау шалып тұр?

ол нақты қандай талаптар қояды?

жеке талап қояды ма немесе делдал ретінде әрекет етеді ме және кейбір адамдар тобын білдіреді ме?

ол қандай шарттармен немесе олар жоспардан бас тартуға келіседі?

онымен қалай және қашан байланысуға болады?

сіз бұл қонырау туралы кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауыңыз керек?

сіз және телерадио хабарларын тарату объектісі басшылығының шешімдер қабылдауы немесе қандай да бір іс-әрекеттер жасауы үшін қонырау шалушыдан барынша мүмкіндігінше көбірек уақыт алуға тырысыңыз.

Сөйлесу барысында немесе сөйлесу аяқталғаннан кейін мүмкіндігінше дереу ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне және телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылығына телефон арқылы қоқан-лоққы жасалғаны туралы хабарлау.

3-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісіне жазбаша нысандағы қоқан-лоққы жасалуы

15. Қоқан-лоққы алу кезіндегі адамның жазбаша түрдегі іс-қимылдары (телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы, қызметкері):

Мұндай құжатты алғаннан кейін оны мүмкіндігінше абылап ұстау. Мүмкіндігінше оны таза, тығыз жабылатын полиэтилен пакетке салып, бөлек қатты папкаға салу.

Оған саусақ іздерін қалдырмау.

Егер құжат конвертпен келсе – оны тек сол немесе оң жағынан ашып, шеттерін қайшымен ұқыпты кесу.

Бұл жағдайда бәрін сақтау: мәтіні бар құжатты, кез келген қосымшалар, конверт және қаптама, ештеңені тастамау.

Құжаттың мазмұнымен таныс адамдардың шеңберін кеңейтпеу.

Ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне дереу хабарлау.

4-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісіне қарулы шабуыл жасау

16. Телерадио хабарларын тарату объектісіне қарулы шабуыл жасалған кезде өзін-өзі оқшаулау үшін шаралар қабылдау, қауіпті аймақтан дереу шығып кету, сондай-ақ, ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне хабарлау қажет.

Жасырынып, террористердің кетуін күтіп, бірінші мүмкіндікте ғимараттан шығу.

17. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қимылдары: құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы дереу хабардар ету;

объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөнінде жұмысты ұйымдастыру (эвакуация, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау);

терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келген өкілдерімен өзара іс-қимыл.

18. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимылдары:

жағдайды бағалау, сіз телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілермен бірге телерадио хабарларын тарату объектісінен қалай шығып кетуге болатыны туралы нақты жоспар ойластыру;

мүмкін болса, телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілермен бірге қауіпсіз эвакуациялаңыз, телерадио хабарларын тарату объектісінен шығыңыз;
заттар мен сөмкелерді қалдыру;

қолдарды жасырмау, оларды көз алдында ұстау.

Телерадио хабарларын тарату объектісінен кету мүмкіндігі болмаған кезде:

өзініз тұрған үй-жайдан (кабинеттен, бөлмeden) тез қарап, телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілерді сыртқы қабырғалардың сенімділігі жағдайында осы үй-жайға (кабинетке, бөлмеге) жіберу;

есікті мықтап жабу, абзалырақ – кілтпен;

терезелерді жабу, барлық перделерді түсіру немесе жабу;

сізді көре алмайтында қабырғалардың жанына орналасқан маңызды;

осы бөлмеде ең қауіпсіз орынды табу (кабинетте, бөлмеде);

жарықты және компьютерлердің мониторларын өшіру, ұялы телефондарды дыбыссыз сигналға қою;

тыныштықты қамтамасыз ету;

мүмкіндігінше осы орын-жайда (кабинетте, бөлмеде) орналасқан телерадио хабарларын тарату объектісінің қызметкерлері мен келушілердің аты-жөндерін білу;

дәлізде тұрғандардың барлығы дереу жақын мандағы бөлмеге (кабинетке, бөлмеге) өтіп, жарықты сөндіру керек.

19. Телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің іс-қимылдары:

үрейленбеу, барлық жерде телерадио хабарларын тарату объектісінің қызметкерлерін тыңдау;

телерадио хабарларын тарату объектісінен білдірмей шығып кету, мүмкін болмаған жағдайда қауіпсіз жерге жасырыну;

есікті жауып бұғаттау, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің келуін күту;

мүмкіндігінше құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объект басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету.

20. Телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-қимылдары:

қарулы адамды анықтау;

мүмкіндігінше телерадио хабарларын тарату объектісінде адамдар көп шоғырланған орындарға оның жақындауын бұғаттау;

телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылығын, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды қарулы шабуыл жасау фактісі туралы кез келген тәсілмен хабардар ету;

телерадио хабарларын тарату объектісінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау).

5-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісінің адамдарын кепілге алу

21. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қимылдары:
адамдардың қауіпсіздігі үшін жағдайларды ұйымдастыру;
кепілге алынғаны туралы құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік
органдарға дереу хабарлау;
адамдарды кепілге алғандардан талаптарын анықтау;
терроризмге қарсы құрес жөніндегі жедел штабтан келген өкілдермен өзара
іс-қимылды қамтамасыз ету.
22. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимылдары:
телерадио хабарларын тарату объектісінен білінбей шығып кету;
телерадио хабарларын тарату объектісінен адамдарды шығару немесе орын-жайға
тығылу, есікті бұғаттап, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдардың
қызметкерлері келгенге дейін сол жерде бола тұру;
кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігін кепілдендірілген қамтамасыз
ету шартымен құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға кепілге
алған адамдардың (саны, қару-жарагы, жасы, аты-жөні) адамдарды кепілге алуының
мән-жайлары туралы хабарлау.
23. Телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің іс-қимылдары:
үрейленбеу, шыдамдылық сақтап және өзін-өзі ұстай білу;
қауіпсіз орынды табу;
тұтқындалу туралы хабарлама алғаннан кейін құқық қорғау және/немесе арнаулы
мемлекеттік органдар әрекет ете бастайды және босату үшін қажет нәрсенің барлығын
жасайтындығын есте сақтау;
кепілге алынған адамдарды қару қолдануға итермелейтін және адам өліміне әкеп
соктыруы мүмкін іс-әрекеттерге жол бермеу;
айыру, қорлау және қорлауға шыдау, кепілге алған адамдардың көзіне қарамау,
арандатушылықпен әрекет етпеу;
кез келген іс-әрекетті орындау үшін (отыру, тұру, ішу, дәретханаға бару) рұқсат
сұрау;
жарақаттанған жағдайда, қозғалмауға тырысу, осылайша қан жоғалтуды азайту;
босатуға қатысты операцияны жүргізу кезінде мына талаптарды мұлтіксіз сақтау:
еденде жатып, басты қолмен жабу және қозғалмау;
құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне
қарай жүгірмеу немесе олардан қашпау, өйткені олар сізді қылмыскер ретінде
қабылдауы мүмкін;
есіктер мен терезелерден алыс болу.
24. Телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін
адамдардың іс-қимылдары:

өз бастамамен келіссөздерге шықпау;
мұқият болу, қылмыскерлердің белгілерін, олардың бет-әлпетінің ерекшеліктерін, киімдерін, аттарын, тыртықтар мен татуировкаларды, сөйлеу ерекшеліктері мен мінез-құлқын, әңгіме тақырыбын есте сақтауға тырысу.

25. Кепілге алыну кездегі іс-қимыл тәртібі:

кеңілге алған адамдарды дene құshіn немесе қару қолдануға итермелуеi мүмкіn әрекеттерге жол бермеу;

өз мінез-құлқынызben назар аудартпау;
егер қашудың сәттілігіне толық сеніmdі болмаса, тырыспау;
адамдарды кепілге алған адамдар туралы мүмкіндігінше көп ақпаратты есте сақтау (саны, қару-жарағы, әсіресе сыртқы келбеті, дene бітіmі, сөйлеу екпіnі, әңгіме тақырыбы, темпераменті, мінез-құлық мәнері);
тұрган жерді (қамалған) анықтауға тырысу.

Мүмкіндік болған жағдайда, кез келген қолжетімді байланыс тәсілін пайдалана отырып, өмірге қауіp төндірмей, сақтық таныта отырып, болған оқиға туралы құқық қорғау және/nемесе арнаулы мемлекеттік органдарға, қауіпсіздік бөлімшесіне немесе телерадио хабарларын тарату объектісінің күзет қызметіне хабарлау;

жарапт алған жағдайда өзіне алғашқы көмек көрсетуге тырысу;
терезелерден, есіктерден алыс жерде болу.

Кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі операцияны жүргізу кезде мынадай талаптарды сақтау қажет:

төмен қарап еденге жату, мүмкін болса қабырғаға жабысып, басты қолмен жабу және қозғалмау;

құқық қорғау және/nемесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қарай жүгірмеу немесе олардан қашпау, өйткені олар сізді қылмыскер ретінде қабылдауы мүмкін;

мүмкін болса есіктер мен терезелерден алыс болу керек.

6-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісіндегі атыс кезде

26. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қимылдары:
адамдардың қауіпсіздігі үшін жағдайларды ұйымдастыру;

атыс туралы құқық қорғау және/nемесе арнаулы мемлекеттік органдарға деру хабарлау.

27. Телерадио хабарларын тарату объектісінің персоналы мен келушілерінің іс-қимылдары:

сыртта атыс кезінде, терезе жанында тұрмау, егер ол пердемен жабылған болса да;
терезенің ернек тақтайы деңгейінен жоғары көтерілмеу;

сыртта атыс кезінде жерге жатып, еңбектеп тасаға баруға тырысу (ғимараттың бұрышы, гүлзар, аялдама), егер жақын жерде мұндай нәрсе болмаса, басты қолмен жауып, тіктеліп жату;

барлығы тынышталғанда, сіз жоғары көтеріле аласыз, бағытты өзгерте аласыз, діттеген жерінде жете аласыз.

7-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимараты жарылған кезде

28. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қымылдары:
адамдардың қауіпсіздігі үшін жағдайларды ұйымдастыру;
құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды жарылыш туралы дерек хабардар ету.

29. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналы мен келушілерінің іс-қымылдары:
edenge жату, шыны шкафтардың, витриналар мен терезелердің жанында болмауға тырысу;

бөлмелер арасын бөлген жерлер, төбелер, люстралар үлкен қауіп төндіретіндіктен, негізгі қабыргалардың астына жасырыну;

баспалдақ алаңына шықпау, қосылып тұрған электр құралдарына қол тигізбеу;
каранғыда қалғанда, отты заттармен қолданбау – газдың агуы болуы мүмкін;
телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимаратынан, әсіресе баспалдақпен тұсу керек болса, арқаны қабыргаға тақай, жүріп шығу керек. Еңкейіп, басты қолмен жабу – жоғарыдан қирандылар төгілуі мүмкін;

көшеге шыққаннан кейін, хабар тарату ғимаратынан алыстап, құлауы мүмкін карниздер мен қабыргаларды қадағалау. Тез және абайлап жүру керек, өйткені хабар тарату объектісінің ғимараты құлаған кезде дүрбелең тудыратын қалың шаң көтеріледі.

8-параграф. Террористер телерадио хабарларын тарату объектісіне шабуыл жасаған кезде

30. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қымылдары:
адамдардың қауіпсіздігі үшін жағдайларды ұйымдастыру;
телерадио хабарларын тарату объектісінде күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарға ақпаратты дерек беру;

құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне анықтау және ұстау уақытын қысқартуға мүмкіндік беретін күдікті адам туралы барынша толық ақпарат ұсыну;

адамдарды ұйымдастан түрде эвакуациялауды және өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

31. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналы мен келушілерінің іс-қымылдары:

ғимараттан білінбей шығу немесе үй-жайға тығылу, есікті бұғаттау, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің келуін құту;

мүмкіндігінше құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, персоналды, объект басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету.

32. Террористің сыртқы белгілері:

аяу райына сәйкес келмейтін, қолдан жасалған жарылғыш құрылғының элементтерін жасыруға арналған кең киім;

қолдан жасалған жару құрылғысының киімнен шығып тұратын элементтері, сымдар, тумблерлер, ажыратқыштар;

қолында қару немесе жарылғыш құрылғыны жасыруға болатын үлкен сөмкелердің болуы;

тасымалданатын заттарға абай болу, оларды денеге қысып ұсташа және әлсін-әлсін оларды еріксіз сипалап қарау;

форма талабына сәйкес келмейтін (шеврондардың болмауы, форманың тәменгі және жоғарғы бөліктерінің түсінің, бас киімнің сәйкес келмеуі) камуфляж киімді пайдалану.

9-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісінде өрттің шығуы (жарылыштың болуы)

33. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қимылдары:

бұл туралы дереу "101" нөмірі бойынша мемлекеттік өртке қарсы қызметке телефон арқылы немесе "112" бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметке хабарлау;

адамдарды құтқару және эвакуациялау, өртті алғашқы өрт сөндіру құралдарымен сөндіру және материалдық құндылықтарды сақтау шараларын қабылдау;

өртке қарсы автоматты қорғау жүйелерінің (өрт кезінде адамдарды хабардар ететін) жұмысқа қосылуын тексеру;

қажет болған жағдайда электр қуатын өшіру (өрттен қорғау жүйелерін қоспағанда), желдету жүйелерінің жұмысын тоқтату;

ғимарат үй-жайларындағы өрттің және тұтіндеудің алдын алуға ықпал ететін басқа да іс-шараларды орындау;

мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшесі келгенге дейін өртті сөндіру бойынша жалпы басшылықты жүзеге асыру (телерадио хабарларын тарату объектісінің айрықша ерекшеліктерін ескере отырып);

телерадио хабарларын тарату объектісінің өрт сөндіруге қатысатын персоналдының қауіпсіздік талаптарын сақтауын қамтамасыз ету;

мемлекеттік өртке қарсы қызмет бөлімшелерін қарсы алуды ұйымдастыру және өрт ошағына кіру және өртке қарсы сумен жабдықтау үшін ең қысқа жолды таңдауға көмек көрсету;

өрт бөлімшесі келгеннен кейін телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысы өртті сөндіру басшысына телерадио хабарларын тарату объектісінің конструктивтік ерекшеліктері, іргелес құрылыштар мен құрылышайлар, сақталатын заттардың саны мен өрт қауіпті қасиеттері – және өртті жақсылап сөндіру, қауіпсіздік үшін қажетті басқа да мәліметтер туралы хабарлайды.

34. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының іс-қимылдары:

телерадио хабарларын тарату объектісінің мекенжайын, өрттің шыққан жерін, өзінің тегі мен атын, лауазымын атай отырып, басшылыққа, сондай-ақ, мемлекеттік өртке қарсы қызметке "101" нөмірі бойынша телефон арқылы немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке дереу хабарлау;

электр құралдары мен жабдықтарды токтан ажырату;

шыдам мен сабыр сақтап, үрейге жол бермей, шығу, сондай-ақ, мүмкіндігінше телерадио хабарларын тарату объектісі ғимаратынан басқа адамдарды өрт кезінде эвакуациялаудың бекітілген жоспарына сай шығару;

мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

өрт сөндірушілер мен құтқарушылардың кездесуін ұйымдастыру, оларға телерадио хабарларын тарату объектісіне кіретін, өрт гидранттарының люктерін орналасқан жерлерді көрсету, эвакуациялау жоспары мен жоспардан өрт шыққан жерді көрсету;

мүмкіндігінше телерадио хабарларын тарату объектісінен өзінізben бірге шыққан адамдардың атын айтып, түгендеуді жүзеге асыру және оның нәтижелері туралы телерадио хабарларын тарату объектісінің басшысына баяндау;

35. Телерадио хабарларын тарату объектісіне келушілердің іс-қимылдары:

өрт туралы дабылды естіп, телерадио хабарларын тарату объектісі персоналының нұсқауы бойынша телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимаратынан эвакуациялау жоспарына сай шығып кету;

эвакуация кезде үрейге бой алдырмау, дүрлікпеу және итермелеспенеу;

қатты тұтіндең кезде міндетті түрде тыныс алу органдарын қорғау құралдарын пайдалану;

Жан-жаққа қашпай, эвакуациялау жоспарында көрсетілген жиналатын жерге жиналу қажет.

36. Телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-қимылдары:

телерадио хабарларын тарату объектісінің басшылығына, сондай-ақ, телефонмен "101" нөмірі арқылы мемлекеттік өртке қарсы қызметке немесе "112" нөмірі арқылы бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке телерадио хабарларын тарату объектісінің мекенжайын, өрттің шыққан жерін, өзінің тегін, атын және лауазымын атай отырып, дереу хабарлау;

телерадио хабарларын тарату объектісінің хабардар ету жүйесін іске қосу және өрт тұтанауды жатқаны туралы хабардар ету;

телерадио хабарларын тарату объектісінің әр бөлігінде адамдардың бар-жоғын тексерे отырып, телерадио хабарларын тарату объектісінен адамдарды уақтылы эвакуациялауды бастау;

өртті алғашқы өрт сөндіру құралдарымен оқшаулау және сөндіру шараларын қабылдау;

мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды қарсы алууды ұйымдастыру, оларға телерадио хабарларын тарату объектісіне кіретін, өрт гидранттарының люктерін орналасқан жерлерді көрсету, эвакуациялау жоспары мен жоспардан өрт шыққан жерді көрсету;

өрт сөндірушілер келгеннен кейін ішкі істер органдары қызметкерлері келгенге дейін аумақты қоршап, оған сөндіруге қатыспайтын адамдардың кіруіне тыйым салу қажет.

10-параграф. Телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимараттары мен құрылыштарының қирауы

37. Телерадио хабарларын тарату объектісі басшысының іс-қимылдары:

бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке "112" нөмірі арқылы дереу хабарлау; адамдарды дереу эвакуациялауды ұйымдастыру;

эвакуациялау барысында кіріп-шығатын жерлерде дүрлігу мен бірін-бірін итеріп таптауды болдырмау;

мүмкіндігінше зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимаратынан қауіпсіз қашықтықтан жиналатын жер белгілеу;

эвакуацияланған адамдардың аттарын атып, түгендеуді ұйымдастыру.

38. Телерадио хабарларын тарату объектісі персоналы мен келушілерінің іс-қимылдары:

телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимаратынан тезірек кету;

телерадио хабарларын тарату объектісінің ғимаратынан шығатын кезде баспалдақпен тұсу;

эвакуация кезінде дурлікпеу, бір-біріңізді итеріп таптамау;

зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

көшеге шыққаннан кейін ғимараттарға жақын жерге тұрмау, ашық жерге, эвакуациялайтын орындарға өту;

ғимараттан шығу мүмкіндігі болмаған жағдайда, ең қауіпсіз орынға: қабырғалардың саңылаулары мен бұрыштары, қаңқаның белдемелері астына жетіп алу;

мүмкін болса, үстелдің астына тығылу – ол құлаған заттар мен сынықтардан қорғайды;

терезелер мен электр құрылғыларынан алыс болу.

39. Телерадио хабарларын тарату объектісінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдардың іс-қимылдары:

телерадио хабарларын тарату объектісінің мекенжайын айтып, қираған жер туралы "112" нөмірі арқылы бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметке дереу хабарлау;

телерадио хабарларын тарату объектісінің хабардар жүйесін іске қосып, оның қирағаны және іс-қимыл тәртібі туралы хабардар ету;

телерадио хабарларын тарату объектісінен адамдарды уақытында эвакуациялауды бастау, объектінің әрбір бөлігінде адамдардың бар-жоғын тексеру;

қирау нәтижесінде пайда болған өртті алғашқы өрт сөндіру құралдарымен оқшаулау мен сөндіру шараларын қабылдау;

зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету;

өрт сөндірушілер мен құтқарушыларды қарсы алууды ұйымдастыру, оларға телерадио хабарларын тарату объектісіне кіретін, өрт гидранттарының люктерін орналасқан жерлерді көрсету, эвакуациялау жоспары мен жоспардан өрт шыққан жерді көрсету;

өрт сөндірушілер келгеннен кейін ішкі істер органдары қызметкерлері келгенге дейін аумақты қоршап, оған авариялық-құтқару жұмыстарын жүргізуге тартылмаған адамдардың кіруіне тыйым салу қажет.

40. қиранды астында қалған адамдардың іс-әрекеттері:

терен демалу, үрей мен қорқынышқа бой алдырмау;

етбетке аунап, барынша қауіпсіз жерге жетуге тырысу (қирандының бұрыштары);

тұла бойды тексеру, мүмкіндігінше өзінізге алғашқы көмек көрсету;

абайлап, айналадағы бос орынды барынша кеңейтуге тырысу;

металдан жасалған затпен біркелкі ыргакта ұра отырып, сигнал беру;

тар болса да, шығатын саңылау байқағанда, бойды бос ұстап, шынтақпен денеге қысып, өтүге тырысу; үміт үзбеу және көмек күту.